

**Қазақстан Республикасы еңбек  
құқығының қағидалары мен  
қайнар көздері**



# Лекция жоспары (2 сағат):

- **1 сабақ**
- Еңбек құқығы қайнар көздерінің түсінігі, түрлері
- Еңбек құқығы қайнар көздерінің кеңістіктегі, уақыт бойынша, тұлғалар шеңбері бойынша әрекеті.
- **2 сабақ**
- Еңбек құқығының қағидаларының түсінігі түрлері
- Еңбек құқығының салааралық қағидалары
- Еңбек құқығының салалық қағидалары
- 
-

# Еңбек құқығының қайнар көздерінің жіктелінуі.

ҚР  
Конституциясы

ҚР Еңбек  
кодексі

Жеке еңбек  
шарты

Әлеуметтік  
серіктестік  
шарттары

Локальды  
актілер

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің түсінігі және белгілері

ҚР Конституциясы **24** бабында әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. **Еріксіз еңбекке** соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің түсінігі және белгілері

- Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан **әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.** Ереуіл жасау жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің түсінігі және белгілері

- Әркімнің *тынығу құқығы* бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.



# Жеке еңбек шарты

- жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісімшарт, мұнда жұмыскер белгілі бір біліктілігі, мамандығы бойынша жұмыстар атқарады, ал жұмыс беруші уақытында толық көлемде еңбекақы төлеуге міндеттенеді.

## Локальды акт –

- белгілі бір мекеме, ұйы немесе кәсіпорынның ғана ішінде әрекет ететін акт.



# Әлеуметтік серіктестік шарттары

әлеуметтік-экономикалық міндеттерге жету үшін мемлекет, кәсіпкерлер, азаматтар арасында қарым қатынастар жүйесі. Ол бас келісім (үкімет, кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің арасында жасалады);

Салалық келісім ҚР кәсіпкерлер, ҚР жұмыс берушілер одағы, мұнай және биржалық одақтармен жасалады.

Аумақтық келісім аумақтық жұмыс берушілер одақтары мен атқарушы органдар арасында жасалады.

## Еңбек құқығы қайнар көздерінің уақыт бойынша әрекеті

- Қазақстан Республикасы еңбек заңдарының кері күші болмайды және ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылады.

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің кеңістіктегі әрекеті

- Қазақстан Республикасының аумағында туындайтын еңбек қатынастарына қолданылады. Ел аумағындағы елшілер, өкілдіктер әуе су кемелерінде еңбек ететіндерге ҚР еңбек заңнамасы қолданылады.
- Әкімдіктер қабылдаған нормативтік актілер сол аумақта әрекет етеді.

## Еңбек құқығы қайнар көздерінің кеңістіктегі әрекеті

- Локальды актілер сол ұйымның ғана ішінде әрекет етеді. Әлеуметтік серіктестік туралы **Бас келісім** елдің бүкіл аумағында әрекет етеді.

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің тұлғалар шеңбері бойынша әрекеті

- ҚР орналасқан барлық заңды тұлғалардың жұмыскерлеріне шетелдік заңды немесе жеке тұлғаларға **ҚР еңбек заңы қолданылады. Шетелдік жұмыс берушілер өз кәсіпорындарында қазақстан еңбек заңнамасына қайшы келетін жұмыскерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын бұзатын еңбек жағдайларын бекіте алмайды.**

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің тұлғалар шеңбері бойынша әрекеті

- ҚР да тұратын **шетел азаматтарының ҚР азаматтарымен бірдей еңбек, демалу құқықтары мен міндеттеріне ие болады. Жұмыскерлер еңбекке орналастырған елдің еңбек заңындағы құқықтар мен міндеттерге ие болады.** Мысалы, кәсіби ауру, денсаулығына келтірілген залалды өтеу, жұмыс берушілер есебінен әлеуметтік қамсыздандыру

# Еңбек құқығы қайнар көздерінің тұлғалар шеңбері бойынша әрекеті


- Басқа мекемеге іссапарға жіберілген жұмыскерге сол кәсіпорынның ішкі тәртіп актілері қолданылады.
- ҚР тыс жерде мемлекеттік бюджет есебінен іссапарда болған ҚР жұмыскерлеріне, Парламент депутаттарына сол мекеменің **жұмыс және демалыс уақыты режимі** қолданылады.

## Еңбек құқығы қағидасы-

- Жалдамалы еңбекті ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің сипатты белгілері мен мемлекеттің осы саладағы әлеуметтік саясатының ережелері



# Еңбек құқығы қағидаларының түрлері



# Гуманизм қағидасы

- Адам жоғары құндылық ретінде еңбек заңнамасымен қауіпсіздік, санитария, еңбек гигиенасы, өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан денсаулыққа келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі сияқты талаптарды бекіту арқылы жұмыскердің өмірі мен денсаулығы қорғалады.

## Еңбек құқығының салааралық қағидалары

- Екі және одан да көп құқық салаларына тән негізгі ережелер, идеяларды түсінеміз.

# Еңбек құқығының салааралық қағидаларының түрлері:

1) Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау ;

2) Азаматтардың денсаулығын қорғау;

3) Азаматтар мен ұйымдардың меншік құқығын қорғау

# Еңбек құқығының салааралық қағидаларының түрлері:

4) Салық төлеудің конституциялық қағидасы;

5) Құқықтар мен бостандықтарды соттық қорғау;

6) ҚР бірлестіктеріне бірігу қағидасы

# Еңбек құқығының салалық қағидалары

- 1) адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу;
- 2) еңбек бостандығы;
- 3) еңбек саласындағы кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу;

# Еңбек құқығының салалық қағидалары

- 4) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету;
- 5) жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- 6) еңбегі үшін жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес сыйақы құқығын қамтамасыз ету;

# Еңбек құқығының салалық қағидалары

- 7) тынығу құқығын қамтамасыз ету;
- 8) жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;
- 9) жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз ету;
- 10) әлеуметтік әріптестікті нығайтуда және дамытуда мемлекеттің ықпалы;
- 11) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу